АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
РЕКТОРАТЫНЫҢ **2021 жылғы 26 қаңтардағы ҚАУЛЫСЫ**

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры *Х.Жанбековтің* «Білім алушыларға оқу-тәрбиелік және өндірістік-педагогикалық практиканың ұйымдастырылуы туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай келе, **РЕКТОРАТ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| № | Тапсырма | Орындаушы | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры *Х.Жанбековтің* «Білім алушыларға оқу-тәрбиелік және өндірістік-педагогикалық практиканың ұйымдастырылуы туралы» ақпараты – назарға алынсын. | | |
| 2 | - 2021/2022 оқу жылынан бастап педагогикалық бағытта оқитын 3 курс студенттерінің практикасы 6 семестрге ауыстырылысын.<br>- Педагогикалық мамандықта оқитын 4 курс студенттеріне сабақ мақсаттарымен жұмыс жасауды үйрететін курстар жүргізілсін.<br>- 2021/2022 оқу жылынан бастап Алматы қаласы Наурызбай, Алатау аудандарына қарасты орта білім беру ұйымдарына практикадан өту үшін 4-курс студенттерін көп мөлшерде бөлінуі қарастырылсын.<br>- 2021/2022 оқы жылынан бастап педагогикалық мамандықтағы 2 курс студенттерінің практикасы 4 семестрге ауыстырылсын. | *Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Жанбеков, Мансап орталығының директоры Г. Үсейн* | |
| 3 | - Шетел азаматтарына арналған және ЖОО-на дейінгі дайындық факультеті студенттерінің практикасы тоқтатылсын. | *Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Жанбеков, Шетелдік азаматтарға арналған және ЖОО-на дейінгі дайындық факультетінің деканы Ғ.З.Таубаева* | |

2. Ғылым департаментінің директоры м.а. *У.М.Абдигапбарованың* **«Web of Science, Scopus деректер базасына енгізілген ғылыми журналдардағы университет ғалымдары басылымдарының мониторингі»** ақпаратын тыңдап және талқылай келе, **РЕКТОРАТ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| № | Тапсырма | Орындаушы | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | - Университеттің ПОҚ-на жоғары процентильді журналдарды іздеу бойынша кеңестер беру жұмыстары жалғастырылсын.<br>- SciVal жүйесін пайдалану бойынша тренингтер өткізу; мақалаларға қойылатын талаптар бойынша семинарлар өткізу практикасын жалғастырылсын.<br>- Абай атындағы ҚазҰПУ-дың WOS және Scopus авторларын және ғылымиметрикалық көрсеткіштер бойынша шетелдік авторлармен бірлесе, оның ішінде QS, THE рейтингінің ТОП-500 құрамына | *Ғылым департаменті* | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | кіретін университеттерден шетелдік авторлармен бірлесе верификациялансын.<br>- Универсcитеттің ПОҚ-на Scopus базасында макала жариялау үшін журналдарды таңдау бойынша ұсынымдар берілсін.<br>- жоғары процентильді шетелдік журналдарда жариялымдары үшін педагог қызметкерлерге сыйақы беру бойынша ұсынымдар әзірленсін.<br>- жыртқыш журналдарда жариялану жағдайларын болдырмау мақсатында журналдарды іздеу жөніндегі жадынаманы әзірлеп, онымен ПОҚ-н таныстыруды қамтамасыздандыру тапсырылсын. | | |
| | - Педагог қызметкерлердің назарына олардың жариялану сапасы, мақала авторларының журналды таңдауы, жыртқыш журналдардағы жарияланымдары үшін жеке жауапкершілікте екендігі жеткізілсін.<br>- докторанттар мен ПОҚ-на WoS және Scopus базаларына кіретін журналдарда мақала жариялау мәселелеріне қатысты ай сайын ғылыми семинарлар өткізілсін.<br>-докторанттар жарияланымдарының сапасына ғылыми кеңесшілерінің бақылауын күшейту тапсырылсын. | *Білім беру институттарының директорлары* | |
| 3 | *Ректораттың осы шешімінің орындалуын бақылау ғылыми жұмыс және цифрландыру жөніндегі проректор м.а.**С.Сахиевке** жүктелсін.* | | |

3. Осы шешімдердің орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор А.А.Сатмырзаевқа жүктелсін.

**Ректорат төрағасы** **Т. Балықбаев**

**Бас ғалым хатшы** **Ж. Сейсенбаева**